

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Туризм тек экономиканың дамуына ғана үлес қоспайды, сонымен қатар, еліміздің әлеуметтік және мәдени тұрғыдан дамуында маңызды рөл атқарады.

Халықтың туризм саласының әртүрлі нысандарына белсенді қатысуына ықпал ететін туризмнің жедел дамуын іске асырушы факторлардың тобына тоқталып кететін болсақ, олар:

- халықтың материалдық, мәдени және білім деңгейін көтеру;
- адамдардың бос уақыт қорының өсуі;
- еліміздегі көлік пен коммуникация салаларының дамуы;
- қызмет көрсету саласының дамуы;
- рекреациялық аумақтар қорының кеңеюі және инфрақұрылымның дамуы [4].

Қазақстанда туризм саласын дамыту үшін бірқатар іс-әрекеттерді атқару қажет. Оларға:

- туристік ресурстарды дамыту;
- туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру;
- ұлттық туристік брендті қалыптастыру;
- көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік деңгейін жоғарылату;
- жарнама деңгейін арттыру.

Қорыта келе, Қазақстан экономикасы өзіне тиесілі даму қарқынымен алға жылжып келеді. Осы тұста туризм саласының болашағы зор екені бәрімізге мәлім. Туризмге инвестиция тарту мәселелерін тағы да қарастырып, елімізге көптеген жаңа орталықтар ашу керек, туризм саласына негізделген экономиканы дамытудың жаңа жолдарын анықтап, дамыған мемлекеттерден үлгі ала отырып ел әлеуетін арттыру қажеттігін түсінуіміз шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы URL: <https://stat.gov.kz/official/industry>
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360/history>
3. Вартадьнов В.А. Туризм теориясы мен тәжірибесі. Мәскеу: Қаржы және статистика, 2003 ж.
4. <https://tourisonline.kz/news/75>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ, ОНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Даржанов Е.Ш., Рустем М.А., Тілек А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі заманғы қазақстандық сақтандыру ғылымының алдында отандық сақтандыру нарығының қалыптасуы мен даму проблемаларын зерделеу жөніндегі міндеттер тұр.


2020 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығында 28 сақтандыру ұйымы (оның 8-і – өмірді сақтандыру), 13 сақтандыру брокері, 57 актуарий жұмыс істеуде.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 206 141 млн. теңге, 2019 жылдағы өсуі – 15,0%. Активтердің құрылымында ең үлкен үлесі (жиынтық активтердің 64,3%) – 775 134 млн. теңге сомасындағы бағалы қағаздар (2019 жылдың басында – 543 778 млн. теңге), 2019 жылдағы өсуі – 42,5%.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндеттемелері 652 807 млн. теңге, 2019 жылдағы өсуі – 12,5%. Міндеттемелердің құрылымында ең үлкен үлесті (жиынтық міндеттемелердің 87,3%) 570 210 млн. теңге сомасындағы сақтандыру резервтері иеленеді, 2019 жылдағы өсуі – 9,8%.

Меншікті капитал – 553 млрд теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғандағы өсім – 18,1%. Төменде 2012-2020 жыл аралығындағы активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің көрсеткіші берілген (сурет 1).

Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі үлесі ерікті жеке сақтандыру (сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 205 995 млн. теңге немесе 40,5%). Міндетті сақтандыру бойынша 122 935 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 24,2%, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 179 582 млн. теңге немесе 35,3% [1].




Сурет 1 – Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд теңге.

Ескерту: ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) деректері негізінде құрастырылған

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша 2019 жылдағы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 148 270 млн. теңге, бұл өткен жылмен салыстырғанда 66,2%-ға жоғары. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша 2019 жылдағы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 360 242 млн. (өсім – 29,1%).

Өмірді сақтандыру саласы бойынша сыйақылардың 52%-ы өмірді сақтандыруға, ал қалған 48% – аннуитеттік сақтандыруға тиесілі. Төменде жалпы сақтандыру саласы бойынша түскен сақтандыру сыйақыларының құрылымы көрсетілген (сурет 2).



Сурет 2 – Жалпы сақтандыру саласы бойынша түскен сақтандыру сыйақыларының құрылымы, %

Ескерту: ҚР ҚНРДА деректері негізінде құрастырылған

2020 жылдағы жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 196 880 млн. теңге болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 178,2%-ға жоғары. 2020 жылдағы жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасында ерікті мүліктік сақтандыру үлесі 61,6%, ерікті жеке сақтандыру – 20,6% және міндетті сақтандыру – 17,8% құрайды.

Сақтандыру секторының кірістілігі. 2019 жылы сақтандыру секторының таза пайдасы 82 879 млн. теңге құрады, ол өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,6%-ға көп. Жиынтық активтер бойынша таза пайдасының арақатысы (ROA) 7,4% болды. Баланс бойынша меншікті капиталға таза пайдасының арақатысы (ROE) 16,4% болды.

Қаржы қадағалау агенттігінің ақпараты бойынша, активтерді өсіру бағалы қағаздар көлемінің өсуі (жылына 33,2% - ға, 1,03 трлн теңгеге дейін) және кері РЕПО операциялары есебінен болды. Жылдың соңында сақтандыру компанияларының активтеріндегі бағалы қағаздардың үлесі 69,4% - ды құрады. Танымалдылығы бойынша екінші құрал жиынтық активтердің 12,8% үлесімен банк салымдары болды.

Ең ірі компаниялардың бестігіне "Евразия" СК, NOMAD Life (бір жыл ішінде үшінші орыннан екінші орынға көтерілді), "Халық-Life" (екінші орыннан үшінші орынға төмендеді), Мемлекеттік KazakhExport және "Халық" СК кірді. "Виктория" СК топ-5-тен шығып, активтер көлемі бойынша алтыншы орынға ие болды.

Егер көрсеткіштің динамикасы туралы айтатын болсақ, онда NOMAD Life (жылына+74 млрд теңге), "Еуразия" СК (+56 млрд) және KazakhExport (+35 млрд) абсолюттік мәнде активтердің ең көп өсуін көрсетті. Ең жылдам өсетін компаниялар Freedom Finance Insurance (жылына +202%), "Евразия" ӨСК (+175%) және Freedom Finance Life (+162%) болды.

2020 жылы қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының таза сомасы бойынша көшбасшы компаниялардың үштігіне "Евразия" СК (97 млрд теңге), Nomad Life (72 млрд) және "Халық-Life" (63 млрд) кірді. 2019 жылдың өзіндік нәтижелерімен салыстырғанда ең үлкен прогреске "Евразия" ӨСК (сыйлықақыларын 16 млрд теңгеге артық жинады), Nomad Life (+10,8 млрд) және Freedom Finance Life (+10,7 млрд) қол жеткізді. Салыстырмалы мәнде "Евразия" ӨСК (2019 жылы жиналған сыйлықақыларға+335%), КМ Life (+176%) және "Қазақмыс" (+132%) тез өсті.

Сонымен қатар, аннуитеттік сақтандыруда орын алған заңнамалық өзгерістердің маңыздылығын атап өтілді. Біріншіден, зейнетақы аннуитетін жасау үшін жеткіліктілік сомасы төмендеді. Егер 2020 жылы 55 жастағы ерлер үшін ол 11,3 млн теңгені құраса, ал 51,5 жастағы әйелдер үшін – 15,5 млн теңгені құраса, қазір осы жастағы ер адам 6,7 млн теңгеге аннуитетті, ал әйел адам 9 млн теңгеге аннуитетті сатып ала алады, екіншіден, 2021 жылдан бастап қазақстандықтар 45 жасқа толған кезде зейнетақы аннуитеті шарттарын кейінге қалдырылған нысанда жасаса алады. Бұған дейін мұндай шарттар жасасу мүмкін болған жас әйелдер үшін 51,5 жас және ерлер үшін 55 жас болған. Нәтижесінде зейнетақы аннуитеттері нарығы кеңейіп, өнім көптеген азаматтар үшін қолжетімді болды. "Сақтандырушылармен бұл өзгерістер нарықтың жаңа сегменттерін игеру бойынша қосымша мүмкіндіктер ретінде қабылданады", – деп атап өтті Чегебаев [4].

S&P Global Ratings айтуынша, қазақстандық нарықтың сақтандыру қызметінің көрсеткіштері 2020 жылы ресейлік көрсеткіштерден жақсы болды. Дегенмен де, бұл көрсеткіштер шығындар резервтерінің ұлғаюына және жалпы сақтандырумен айналысатын компаниялар үшін аквизициялық шығыстардың өсуіне байланысты өткен жылдардың қорытындыларынан төмен болды [2].

Егер дамыған елдердегі сақтандыру сектор туралы айтатын болсақ, өмірді сақтандыру сыйлықақылардың құрылымында басым болады және сақтандыру секторы өте бай. Сақтандыру компанияларына одан әрі өсу үшін көптеген мүмкіндіктер жоқ. Сол уақытта дамушы елдерде сақтандыру мәдениеті енді ғана қалыптасуда, сондықтан сақтандыру сыйлықақысының көлемі төмен, ал басым сақтандыру түрі ретінде автосақтандыру секілді қарапайым сақтандыру түрлері болып табылады. Біз Қазақстанның сақтандыру секторының қалыптасу кезеңінде тұрғанын көріп отырмыз, өйткені оның ЖІӨ құрылымындағы үлесі шамамен 0,5%-ын құрады. Бұл дамыған елдермен салыстырғанда өте төмен көрсеткіш, онда сақтандыру қызметтерінің деңгейі ЖІӨ-нің 4%-дан астамын құрайды (мысалы, Германияда-6,1%, Италияда-8,3%) [3].

Халықтың жан басына шаққанда сақтандыру шығындарының мөлшері Қазақстанда аз болып қалады – \$62, бұл орташа деңгейден төмен. Бұл көрсеткіш дамыған және дамушы елдерде айтарлықтай ерекшеленеді – орташа алғанда, тиісінше, шамамен \$3500 және \$150. Мысалы, Ресейде ол \$152, Грузияда – \$46, Әзірбайжанда – \$33 тең. Көрсетілген елдердегі қолда бар кірістердің өсу қарқынының төмендігі сақтандыру секторының дамуын қолдамайды. Халық

негізінен бірінші қажеттілік заттарын алады және сондықтан әрдайым тиісті сақтандыру қызметін таңдамайды [5].

Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығын дамытудың негізгі проблемаларының бірі ерікті мүліктік сақтандырудың жеткіліксіз дамуы болып табылады. Ерікті мүліктік сақтандыру ішкі инвестициялық әлеуеттің өсу факторларының бірі болып табылады, өйткені сақтандыру ұйымдары мүліктік сақтандырудың ұзақ мерзімді түрлері арқылы экономикаға ақшаны жеткілікті ұзақ мерзімге тартады, содан кейін қаржы құралдары нарығына жіберіледі.

Қазіргі уақытта республикада ерікті мүліктік сақтандыру секторы іс жүзінде дамымаған күйінде қалып отыр. Қазіргі кезеңде ерікті мүліктік сақтандыруды жүргізу ерекшеліктері мынадай проблемалармен байланысты:

- халық табысының жеткіліксіз деңгейі;
- инвестициялау үшін сенімді қаржы құралдарының жеткіліксіздігі;
- потенциалды сақтандырушылардың өз болашақта сенімсіздігі;
- халықтың, жекелеген сақтандыру делдалдары мен сақтандырушылардың сақтандыру мәдениеттерінің төмендігі;
- халықтың ұзақ мерзімді мүліктік сақтандыруға қатысуы үшін экономикалық ынталандырудың болмауы.

Республиканың сақтандыру нарығын жақсарту үшін мынадай шаралар қабылдау қажет:

1. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру. Қаржылық сауаттылық адамнан негізгі қаржылық аспектілерді түсінуді талап ететін күрделі сала болып табылады. Бұл ретте әр түрлі көздерден алынған ақпарат кейіннен маңызды шешімдерді дұрыс қабылдауға, сондай-ақ сауаттылық деңгейін арттыруға ықпал ететін түсінікті болуы тиіс.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру сақтандыру, әртүрлі сақтандыру қызметтері саласында білім алуға, халықты өмірді, мүлікті сақтандыру тәсілдерінде, жеке сақтандыру ерекшеліктерінде оқытуға, сақтандыру, алаяқтық тәуекелдері, оларды болдырмау тәсілдері туралы білімді қалыптастыруға негізделеді.

2. Қазіргі уақытта мемлекет әлеуметтік салада және сақтандыру саласында жүргізіп жатқан реформалар, сондай-ақ ел экономикасындағы оң ілгерілеулер республикадағы мүліктік сақтандыру институтын дамыту үшін негіз қалайды. Тұтастай алғанда сақтандыру нарығын және мүліктік сақтандыру нарығын дамыту көбінесе қаржы нарықтарының және осы нарықтар ұсынатын сақтандыру ұйымдарының активтері инвестициялануы мүмкін құралдардың дамуына байланысты. Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдері бойынша, құралдардың мерзімділігі бойынша және олардың өтімділігі бойынша активтерін әртараптандыруды қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту қажет.

3. Қазіргі заманғы Қазақстанға сақтандыру нарығы инфрақұрылымының дамымауы проблемасы тән, яғни кәсіби кадрларды даярлау жүйесінің және сарапшыларды, брокерлерді, актуарийлерді және т. б. тұтас сақтандыру институттарының болмауы. Осы проблеманы шешудің мүмкін

жолдарының бірі жұмыс істеуіне барлық қатысушылар мүдделі сақтандыру нарығының құрылымдарын құру мен қаржыландыруда республикалық сақтандырушылардың күш-жігерін біріктіру бола алар еді.

4. Сақтандыру бизнесін табысты реттеу және шет елдермен экономикалық байланыстарды біріктіру үшін сақтандыру ұйымдарының қызметі үшін заңнамалық базаны қалыптастыру бойынша үлкен жұмыс алда тұр. Әлемдік тәжірибе сақтандыру ісі бизнестің кең тараған және тиімді саласы болып табылатынын көрсетті, ал қуатты сақтандыру компаниялары нарықтық экономикада өз қызметін бизнестің аралас салаларына әртараптандыра отырып, қаржылық тұрақтылықты қалыптастырады.

5. Қазақстанның сақтандыру нарығы, менің ойымша, нормативтік ережелер мен талаптарға шамадан тыс жүктелген, меншікті капитал бойынша, яғни сақтандыру нарығына кіру жөніндегі талаптарды азайту қажет. Егер түзетулер енгізсе, онда біз сақтандыру компанияларын одан да жақсы бәсекелестік пен неғұрлым сауатты маркетинг (сақтандыру өнімдерін нарыққа жылжыту) аламыз.

Осылайша, реттеуші сақтандыру компанияларына талаптарды азайтуды немесе ұлғайтуды тоқтатуды, сақтандыру нарығына кіру құнын төмендетеді, бұл сақтандыру нарығындағы ойыншылардың санының ұлғаюын және сонымен бірге жаңа инвестициялар ағынын туындатады. Экономика белсенді өсуді және индустрияландыруды жалғастырады, бұл сақтандыру компанияларының меншікті капиталының ұлғаюына және олардың Халықаралық қайта сақтандыру нарығына шығуына әкеледі, бұл кейбір сақтандыру компаниялары үшін қайта сақтандыру қызметінің негізгі түрін тартады және шағын және орта бизнес сегментіндегі және сондай-ақ бөлшек сақтандыру нарығындағы бәсекелестікті босатады, ірі сақтандыру компаниялары сақтандыру мәдениетін арттыруда ақшаны жұмсайды немесе инвестициялайды, бұл сақтандыру сыйлықақыларының өсуіне қосымша түрткі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. www.finreg.kz – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайты
2. www.spglobal.com/ratings – S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің ресми сайты
3. Roadmap for a National Strategy for Financial Education in Kazakhstan // OECD, 2018
4. www.kursiv.kz – “Страховой бизнес Казахстана: итоги и ожидания”
5. www.forbes.kz – “Қазақстанның сақтандыру нарығы: өсу нүктелері, басымдықтар мен бағдарлар”